

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**ОРТА МЕКТЕПТЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ КӨМЕГІМЕН ОҚЫТУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ****Бірлесова Қамар Нұрланқызы***bolashak2020@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші- З.Н. Сыздыкова

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ғылым мен практика жетістіктері негізінде дамытуға және сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану [1].

Сөздіктерде берілген анықтамалар бойынша «технология» сөзінің мағынасы грек тілінен аударғанда «*techne*» «шеберлік, өнер» туралы ғылым деп берілген.

Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі техникалық құралдар, олардың рөлі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады.

Қазіргі уақытта көптеген білім ошақтарында сабақ барысында электрондық интерактивті тақта қолданылады. Интерактивті – «*inter*» өзара, «*akt*» - әрекеттесу деген мағынаны білдіреді.

Сабақты түсіндіру барысында оқытушы тақта алдында тұрып бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CDROM және интернет ресурстарын қолдана алады. Ал аудио және видео ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 пайызға дейін арттырады.

Сонымен қатар, интернетке қосылған интерактивті тақта арқылы басқа қаладағы, басқа мемлекеттегі оқытушылардан да дәріс алуға мүмкіндік бар. Интерактивті тақта әртүрлі бағытта оқытуды және сабақ беруді өзгертуі мүмкін. Алдын-ала дайындалған оқу материалдары – презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер – сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді [2].

Электрондық оқулық – бұл бағдарламалы-әдістемелік кешен, компьютердің көмегімен дидактикалық әдіс-тәсілдер және ақпараттық технологияны қолдануға негізделген ғылыми - педагогикалық құрал. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс жасауға жағдай жасайды.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, анимация, гиперсілтеме, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;
- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта қашықтан оқыту түрі біршама сұранысқа ие. Қазақстанда қашықтан оқыту жүйесіне қызығушылық өсуде. Қашықтықтан оқыту – оқулық материалды жеткізу, оны өз бетімен оқып-үйрену.

Серверде интерактивті білім беретін сандық қорлар базасы, сонымен қатар оқытушылардың дәрістерінің бейне курстары бар.

Вебинар мүмкіндіктері күндізгі оқитындардың мүмкіндігімен бірдей, көзбе-көз on-line арқылы оқытушымен қарым-қатынас бұл технологияны тіпті тартымды етері сөзсіз. «Вебинар» термині бізге ағылшынның «*webinar*» (*web* + *seminar*) сөзінен келген.

Вебинар – Интернет желісі арқылы қашық режимде сәйкесінше техникалық құралдардың қолданылуымен жүзеге асырылатын семинар.

Қажетті техникалық құралдарға мыналар жатады: вебинарларды жүргізуге қажетті программалық қамтамасыз ету, сонымен қатар, микрофон. Сондай-ақ, вебинарларға арналған программалық қамтамасыз ету веб-камераларды пайдалануды қолдайды. Веб-камералар арқылы қатысушылар, мысалы, оқытушылар бірін-бірі көрулеріне мүмкіндік туады.

Еліміздің орта білім беру жүйесінде E-learning электрондық оқыту жүйесі қолданылады. E-learning (ағылшын тілінен Electronic Learning қысқартылған) – электрондық оқыту жүйесі, қашықтықтан оқыту, компьютердің көмегімен оқыту, желілік оқыту, виртуалды оқыту, ақпараттық, электрондық технологиялардың көмегімен оқыту терминінің синонимі. E-learning – Интернет және мультимедиа көмегімен оқыту.

Зерттеу жүргізу барысында орта мектептің математика сабағында мәтіндік есептерді шығару жолы интерактивті тақтаны қалай тиімді пайдалануы мен Microsoft PowerPoint компьютерлік бағдарламаны қолдануы қарастырылды.

Мәселе есептерді келесі топтарға бөліп қарастыруға болады:

- Арифметикалық амалдардың компоненттерінің өзара тәуелділігіне арналған есептер;
- Жұмыс және еңбек өнімділігіне арналған есептер;
- Қозғалысқа арналған есептер;
- Концентрация және пайыздық құрамға арналған есептер;
- Пайызға арналған есептер.

Мәселе есептерді шешуде қандай да бір ортақ шешу әдісі жоқ, алайда есептерді шығарғанда, келесі схеманы қолдануға болады:

- 1) Ең алдымен есептердің шартын ауызша қайталай алатындай түсіну;
- 2) Ізделінді өлшемдерді (өлшемді) әріптермен (әріппен) белгілеп алу. Көп жағдайда есепте берілген көмекші белгісіз өлшемдерді (өлшемді әріптер (әріп) арқылы белгілеп алу есептің шығарылуын жеңілдетеді;
- 3) Ізделінді белгісіз өлшемді берілген және көмекші өлшемдер арқылы өрнектеу;
- 4) Теңдеуді (теңдеулер жүйесін) құру, яғни бір өлшемді беретін екі өрнек құрып, оларды теңестіру;
- 5) Құрылған теңдеудің (теңдеулер жүйесінің) түбірін (шешімін) табу;
- 6) Теңдеуден (теңдеулер жүйесінен) шыққан жауаптың есептің шартын қанағаттандыратынын тексеру.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 жылғы 27 шілде, 319 бет.
2. Жұмашева Ж.Т. Онлайн режимінде вебинар форматында дәріс сабақтарын жүргізу/ «Садықов оқулары: білім беру кеңістігіне инновациялық технологияларды енгізу мәселелері және жолдары» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 26-28.09.2013, Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2013, б.316-317.